


Жаратылыстану ғылымдары факультеті



Жаратылыстану ғылымдары факультетінің
білім бағдарламасының
топтары бойынша онлайн сұхбат
БАҒДАРЛАМАСЫ

Нұр-Сұлтан, 2020 ж.

Құрастырғандар:


Кәсіпке бағадар беру және тестілеу орталығының бас маманы  Л.Б. Егеубаева

Факультет деканы  Н.Л.Шапекова


Келісілді:

Жалпы биология және геномика кафедрасының меңгерушісі  Р.І.Берсімбай

Химия кафедрасының меңгерушісі  А.К.Ташенов

Физикалық және экономикалық география кафедрасының меңгерушісі  Н.Е.Рамазанова

Қоршаған ортаны қорғауды басқару және инжиниринг кафедрасының меңгерушісі  Р.Р.Бейсенова

Биотехнология және микробиология кафедрасының меңгерушісі  Р.Т.Омаров

Сұхбат бағдарламасын жаратылыстану ғылымдары факультетінің оқу-әдістемелік комиссиясы мақұлдады («24» 07 2020 жылғы № 10 хаттама).

ОӘК төрағасы  Ж.Е.Джакупова

Факультет деканы  Н.Л.Шапекова

Келісілді:

Оқу ісі бойынша проректор  Е.А. Оңғарбаев

ОНЛАЙН СҰХБАТ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Негізгі ереже
2. Сұхбаттасу ережелері
3. Сұхбаттасу нәтижелерін бағалау критерийлері
4. Сұхбат мазмұны

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕ

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу орындарына оқуға қабылдаудың типтік ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Онлайн сұхбаттың мақсаты - шетелдік азаматтардың кәсіби қабілеттерін анықтау, олардың жаратылыстану ғылымдары факультетінің білім беру бағдарламаларының топтарында қазақстандық университетте оқуға дайындығын анықтау, сонымен қатар кәсіптік бағдар мен жалпы мәдениеттің деңгейін анықтау.

Өткізу мақсаты:

- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де оқытудың мақсатын анықтау;
- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де оқу мерзімін білу;
- шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасындағы жоғары білім жүйесі туралы хабардарлығын тексеру;
- шетелдік азаматтардың бакалавриатта оқуға қажетті пререквизиттерін анықтау (негізгі мектеп білімінің болуы);
- шетелдік азаматтың топта оқуға және бірлескен әлеуметтік және білім беру іс-шараларын өткізуге дайындығын анықтау.

2. Онлайн режимінде сұхбаттасу ережелері

Шетелдік студенттермен сұхбаттар жаратылыстану ғылымдары факультеті бакалавриатының білім беру бағдарламалары топтарының аясында жүзеге асырылады:

- «B050 – Биологиялық және сабақтас ғылымдар»;
- «B051 – Қоршаған орта»;
- «B052 – Жер туралы ғылым»;
- «B053 – Химия».

Онлайн сұхбат 2020 жылдың 15 тамызынан 25 тамызы аралығында жүргізіледі.

Онлайн сұхбат жүргізу үшін Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының бұйрығымен бекітілген комиссия құрылады.

Комиссияның мүшелерінің құрамы, төрағаны қосқанда тақ саннан тұрады. Комиссияның шешімі, егер оның отырысына оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады. Комиссияның шешімі онлайн-сұхбатқа қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Онлайн сұхбатты өткізу күні, уақыты мен орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және университет сайтында орналастырады.

Сұхбаттасу үшін «Platonus» АИС жүйесінде тіркелу қажет.